

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының саяси бағдары – азаматтық қоғамды қалыптастыру және оның негізгі құндылықтарын халық санасына сіңіру болып табылатындығы анық. Ал халықтың күнделікті өмірінің негізі рухани құндылықтарға негізделеді. Сол себепті де мемлекеттің дамуы мен жекелеген тұлғалардың қалыптасуында діннің алар орны ерекше екендігін мойындау қажет. Осыдан келіп діннің азаматтық қоғамды қалыптастырушы факторына баға беруге болады.

Азаматтық қоғам дегеніміз зайырлы қоғам. Сондықтан бұл қоғамдағы қарым-қатынастар діни ұстанымдар бойынша жүзеге аспайды. Қоғам мүшелерінің еркіндігі мен бостандығы да қамтамасыз етілетіні де түсінікті. Дегенмен азаматтық қоғам бірқатар өзара байланысты ассоциация, тәуелсіз бірлестіктер, азаматтық қоғам институттарымен қатар, аса маңызды бір құрылымы – діни бірлестіктерден тұрады.

Бір байқағанымыз әлі күнге дейін дін мен азаматтық қоғамның өзара байланыстылығы мен бірін-бірі толықтыра алушылығы туралы мәселе ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, анықталған жоқ. Бұл алдымен қоғам мүшелерінің бір текті болмауынан туындаған. Өйткені қоғам мүшелерінің қатарында діндарлармен қатар, атеисттер де көптеп кездеседі және солай бола бермек те. Сондықтан діннің азаматтық қоғамдағы атқаратын қызметі туралы да жан-жақты пікірлер қалыптасқан. Мысалы «Идеализм мәселелері» сынды ғылыми жұмыстардың авторы болып табылатын орыс философы және діндар ойшыл Семен Франк дін мен азаматтық қоғамға ерекше мән берген және олардың өзара байланысты екендігін дәлелдеуге тырысқан [1]. Сәйкесінше қоғамдағы діннің алар орнының тым төмендігі мен оны жағымсыз етіп көрсетуге тырысып, тіпті мойындамау үдерісі марксизм идеологиясы және осы идеология шеңберінде жазылған еңбектерден қатты байқалады [2].

Сондықтан дін мен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесе алуы немесе сыйымдылығын анықтау ісі аса маңызды болып табылары анық. Сонымен қатар азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіндегі діннің алар орнына да шынайы баға берілуі тиіс деп санаймыз. Өйткені азаматтық қоғам құндылықтарының қаншалықты қоғамның шынайы әрі ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесімен сәйкестігі мәселесі

өзекті болып табылады. Ол үшін алдымен діннің азаматтық қоғаммен байланыстылығына баға бере отырып, анықтау қажет.

Дін тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын қасиетке ие. Ол негізгі қоғамдық құндылықтарды қалыптастырады. Адамгершілік пен инабаттылық – азаматтық қоғамның басты ерекшеліктері деп санасак, бұл құндылықтар діннің көмегінсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Рас діннің де адамдардың іс-әрекетіне белгілі бір дәрежеде шектеулер қоятыны белгілі. Әрине мұндай шектеулер діни ұстанымдарға негізделгендіктен адамгершілік пен тәртіп қалыптастырушы да қасиетке ие. Осылай қоғамның мәдениеті мен тұлғаның рухани кемелденуіне жол ашады.

Шынайы қалыптасқан азаматтық қоғамда дін істеріне қатысты әртүрлі және бір арнаға тоғыспаған пікірлер болмауы тиіс. Өйткені азаматтық қоғам әр мүшесінің немесе тұлғаның дін еркіндігіне жағдай жасап, дін ұстанымына араласпауы тиіс деп саналады. Сондықтан әрбір тұлға дін ұстанымдарына қатысты мәселелерде өзіндік шешім қабылдайды және ең бастысы дін таңдау құқығы ешқандай мәжбүрлеусіз, бақылаусыз жүзеге асырылады.

Түрлі тарихи кезеңдерде қоғамдағы діннің алар орны мен қызметін қаншалықты жоқ қылып көрсетуге бағытталған әрекеттерге қарамастан дін өз атқаратын қызметінің жоғары екендігін дәлелдей алып, қайта жаңғырды. Оның айқын дәлелі бүгінгі зерттеу жұмыстарын біріктіретін ортақ тұжырымның қалыптасуында деп түсінеміз. Бұл тұжырымға сәйкес «дін азаматтық қоғамның аса маңызды құрылымы болып табылады. Мемлекеттік емес құрылымдар мен мемлекеттік емес қарым-қатынастардың өзегін діни ұйымдар мен бірлестіктер құрайды және бұл ұйымдар көп жағдайда ғалам мен қоғамда орын алып отырған қақтығыстарды ретке келтіру мүмкіндігі жоғары» [3, 77 б.].

Азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің атқаратын қызметі әсіресе дін өмір сүрудің негізгі ұстанымына айналған аймақтарда ерекше екендігі даусыз. Мұндай жекелеген аймақтардағы азаматтардың дін ұстанушылығы берік болғандықтан азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісі де дінмен етене байланысты болып келеді. Әрине азаматтық қоғамның қалыптасуына өз үлесін қосатын дін ұйымдарының қызметі ең алдымен сол мемлекеттің күшімен орнатылған заң шеңберінде ғана жүзеге асады. Осы мақсатта жаңа заңдар қабылданып, мемлекет территориясында дін ұстанушы жаңа

конфессиялардың пайда болуына жағдайлар жасалады [4, 16-19 бб.].

Осы ретте азаматтық қоғамның қалыптасуындағы әлемдік діндердің бірі исламның атқаратын қызметіне тоқталуға болады. Азаматтық қоғам мен исламның өзара бірін-бірі толықтыра алуы мен исламның азаматтық қоғам қалыптастыра алу мүмкіндігі әлі күнге дейін ғылыми зерттеу жұмыстарында нақтыланып, әлем ғалымдарының ортақ пікірі қалыптаса қоймады. Бұл тек ғалымдар ғана емес, осы дінді ұстанушылар арасында да кездеседі. Мысалы М.Л. Шевченко «Способны ли мусульмане принимать участие в построении гражданского общества или являются его непримиримыми противниками» атты ғылыми мақаласында «мұсылмандардың демократиялық, азаматтық қоғам институттарының жұмысына белсенді қатысу мүмкіндігі деген сұраққа жауап іздегенде әртүрлі қорытындыға келуге болады. Оның бірі жанжалдың орын алу мүмкіндігі болса, екіншісі өзара сәтті әрекеттесе алу мүмкіндігі деп айтуға болады» деп қорытындылаған екен [3, 22-24 бб.]. Әрине бұдан шығатын қорытынды сөзсіз исламның азаматтық қоғам қалыптастырудағы мүмкіндігінің төмендігі деген қорытынды болмауы тиіс. Ислам дінінде азаматтық қоғам мен демократияға жақын түсініктер бар. Мысалы олардың қатарында кеңес, сайланбалы билік, басшыға бақылау орнату, қарсылық құқығы мен сөз еркіндігі, қоғамның саяси өміріне белсенді қатысу, ереуілге шығу құқығы, теңдік, әділ сот, әріптестік пен дін еркіндігі, саяси партиялар мен көппартиялық жүйе, тұлғалардың құқығын қорғау, жеке меншік құқығын атап өтуге болады. Тіпті жекелеген ғалымдар демократиялық принциптер алдымен дәл осы ислам дінінде пайда болған деп санайды. Бұл пікірмен де толық қосылуға болады. Дегенмен тұрғындардың саяси үдерістерге атсалысып, азаматтық қоғамның дамуына үлес қосуы және өз құқығын қорғап, азаматтық бостандығына ұмтылуы – Жер бетіндегі кез келген адамның заңды іс-әрекеті болып табылады. Бұл ретте бір мәдени немесе діни ортаға артықшылықтар берілмейді. Сондықтан азаматтық қоғамның қалыптасуындағы жекелеген діни сенімдердің мүмкіндігін жоққа шығаруға да болмас.

Әрине азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің атқаратын қызметі алдымен дін ұстанушылардың бағыты мен күнделікті өмір сүруін анықтайтын заңдарының құрамы да аса маңызды. Олай дейтініміз көп жағдайда дәстүрлі емес дін өкілдерінің ұстанымдары азаматтық қоғам принциптерімен ұштаспай жататындығы

тағы бар. Ол тек ислам ғана емес, әлемдік бірқатар діндердің ішінде туындап жатқан секталардың жұмысынан анық байқалады. Өйткені олар қоғам құрылысының демократиялық емес, тоталитарлық қалпын қалыптастыруды көздейді және өз мүшелері арасында шектен шыққан фанатизмді насихаттайды. Сөз жоқ мұндай діни түсініктер азаматтық қоғам ұстанымдарымен мүлдем сай келмейді. Мысалы осындай дінімізді жағымсыз етіп көрсетіп, шынайы исламның келбетін өзгертуге атсалысқан Багаутдин Магомедов: «исламнан бөлек мемлекеттік құрылым ол – шайтанға тән. Шынайы мұсылман тек Алланың заңдарына бағынуы тиіс. Мен бірде-бір Ресейдің заңдарына бағынбаймын және қабылдамаймын» деген болатын [5, 66-69 сс.]. Дегенмен мұндай радикалды түсініктер тек қана исламға тән деп айту да дұрыс емес. Мемлекеттің ішкі тәртіптерін мойындамайтын көптеген діни ағымдардың жұмыстары белгілі. Керісінше дәстүрлі ислам өкілдері діннің азаматтық қоғам арасындағы байланысын қалыпты жағдай деп санап, оған жоғары баға береді. Ислам дінін азаматтық қоғамның маңызды бір бөлігі ретінде қарап, зайырлы мемлекеттілікті мойындап, оның заңдарына бағынып өмір сүруді насихаттайтынын көріп те біліп те жүрміз. Осыдан келіп шығатын қорытынды дін мен билікке деген өзара сыйластық болған жағдайда ғана азаматтық қоғам толығымен қалыптаса алады. Осындай жағдайда қалыптасқан азаматтық қоғам оның әрбір мүшесіне дін ұстануына, діни заңдылықтар мен тәртіптерді орындауына мәжбүрлеу шараларын жүргізбейді. Әрине радикалды немесе деструктивті діни ағымдардың жұмыстары қарқынды жүріп жатқан аймақтардың өзінде де азаматтық қоғамды орнатуға алғышарттар бар. Өйткені кез келген аймақтардағы діни ахуалға мән беріп қарайтын болсақ, көпшілігі азаматтық қоғамды қалыптастыруға деген жоғары ынтаны байқауға болады.

Азаматтық қоғамды қалыптасырушы діннің қызметін қазіргі таңда «дәстүрлі» және «дәстүрлі емес» деп бөлу қарастырылған. Сөзсіз бұл дегеніміз азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісі де осы екі қалыптың үлес салмағына да тікелей байланысты болып отырады. Мысалы «дәстүрлі емес» діни ұйымдардың қызметі азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіне кері әсер етіп, тежеп отыратын қасиетке ие. Демек кез келген мемлекеттегі азаматтық қоғамды қалыптастыратын діннің өзі бір текті болмай тұр. Азаматтық қоғам құрмақ түгілі «дәстүрлі емес» дін өкілдерімен жүргізілетін күрес түр-

лері жекелеген мемлекеттерде адам құқықтарының бұзылуына алып келеді.

«Дәстүрлі діндердің» де қызметінде бір тектілік байқау қиын. Өйткені кез келген діннің өзі мейлі ол «дәстүрлі» діндер санатына жатқанымен ішкі бірнеше тармақтарға бөлініп отырғаны белгілі. Кез келген дін ішінде орын алып отырған бұл тармақтар арасында да көп жағдайда даулы мәселелер туындап отырғаны шындық. Мұндай әрекеттер өзге діндерге емес, өз сенімдестерінің арасындағы сенімсіздік пен жағымсыздық әрекеттерін тудырып отырады. Тіпті сол дінге қатысты ұйымдар немесе басқармалардың тек бір тармағына артықшылықтар беруі өзгелерге деген сенімсіздікті тудыруға себеп болады. Азаматтық қоғам құруда зайырлы қоғамға үлкен артықшылықтар беріледі. Сол себепті дін өкілдерінің биліктің кез келген тармақтарына енуіне, жұмыс атқаруына жол берілмей жатады. Бұл да жоғары да атап өткен бір діндес бауырлар мен тіпті өзге діндерге деген қарсылықты күшейтуі әбден мүмкін.

Сонымен қатар азаматтық қоғамның ұстанымдарын, оның қажеттіліктерін толық сезінгенімен, «дәстүрлі» дін өкілдерінің өзі қабылдауы қиын мәселелер де бар. Бұл қиындықтар көбінесе діни түсініктермен қатар дәстүр заңдылықтарымен тығыз байланысты болуы да мүмкін. Олардың қатарында гендерлік теңдік мәселесі, тұрғындардың дін басшылығына деген шамадан тыс сыйынуы, діни қауымдастықтардың жабықтығы мен томаға тұйық күн кешуі, өз діни сенімін өзгелерден артығырақ көруі, діни білімнің аздығы, құқықтық сананың жетілмеуінен анық көрініп отыр. Сондықтан кез келген мемлекеттік құрылым азаматтық қоғамның ұстанымдары мен құндылықтарын барынша насихаттап, білім деңгейін көтеруге және қоғамдағы тұлғаның қызметін дамытуға көп көңіл бөлу қажет. Әрине бұл ұзақ та оңай емес үдеріс. Бұл ретте өзгенің және табысты болған тәжірибені қатаң ескеру қажет. Ең бастысы азаматтық қоғам орнатуда бұрыннан қалыптасқан діни түсініктердің заңдылықтары мен ұстанымдарына ерекше көңіл бөлу қажет деп санаймыз. Өйткені ғасырлар бойына қалыптасқан мұндай діни негізді басқа түсініктермен ауыстыруды жергілікті халық немқұрайлы қалдырады деп санаймыз. Сондықтан қалыптасқан діни сана және азаматтық қоғам мен демократиялық принциптер қатар, бір-біріне қарсы келмейтіндей насихатталуы тиіс. Тек осындай жағдайда ғана, азаматтық қоғамның маңызды болып саналатын әр құрылымына, оның құқықтары мен бостандықтарының сақталуына

кепіл берілгенде ғана, нақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Осылайша азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісінде дін өз қызметін толық әрі дұрыс атқарған болып шығады.

Көптеген сарапшылардың пікірінше Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни ахуал тұрақты деп сипатталады. Дегенмен әлемдік геосаясатта діни фактордың күшеюі өз кезегінде қазақстандық қоғамның да дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы салдарынан еліміздегі діни ахуалында жалған діни пиғылдағы экстремизм, радикализм, терроризм және фундаментализм мәселесі байқалып отыр.

Мұндай экстремистік пиғылдағы діни жағдай біздің елімізде жат әрі жергілікті емес діни ағымдар тарапынан анық байқалып отыр. Экстремизм – қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді теріске шығара отырып, шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге сүйенеді. Бүгінгі күні діннің догмалары мен нормаларындағы алшақтықты негізге алып, елге ылаң салатын экстремизмнің түрі өршіп тұрғаны белгілі. Сонымен қатар қазіргі таңда дінді саясиландырудың да үрдісі байқалып отыр. Діннің саясаттан жоғары екендігін бәріміз білсек те, «саяси ислам» деген ұғым пайда болғаны баршаға аян. Өйткені кей исламдық ұйымдардың радикалды әрекеттері орын алды. Діни астары басым экстремизм мен терроризмнің бой көрсетуі салдарынан дінді өз негізінен бұра көрсетіп, оны саясиландыруға қарай бұруда.

Бұл радикалды сипатымен ерекшеленетін саяси исламның идеологиялық бастауы көп жағдайда дін ғұламалары мен үлемдер емес, саяси интеллектуалдар байланысты болып келеді. Сол себепті оны ислам дінінің ішіндегі өзекті бағыт деп қабылдау дұрыс емес.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды қиындатып отырған экстремистік және радикалды топтар десек, олардың ішінде әсіресе, төзімсіздігімен ерекшеленетін саудиялық, ирандық және пәкістандық түбірге ие кейбір ислам жамағаттарының кері қызметтері аңғарылады. Бұл әсіресе жастар арасында таралып дамуда. Жалпы жұртшылыққа белгілі бұл кері ағымдар рухани ізденіс үстіндегі жастарды шырмап, дүниетанымдық мәдениеті қалыптаспағанын пайдаланып отыр. Өйткені олардың кез келген жас адамға тән болып келетін рухани ізденістерімен қатар, олардың әлеуметтік-материалдық мұқтаждықтарын пайдаланып отырады. Осылайша студент-жастар әсіресе шоғырланып орналасқан жерлерде тікелей уағыз арқылы немесе интернет ресурстары

арқылы оларды өз қатарына тартып алуы жиі кездесіп жатады. Салдарынан көптеген қазақстандықтар халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген әдет-ғұрыптары мен ханафилік дәстүрлі исламнан бас тартып, қоғам мен мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшаулануда. Сөйтіп қоғамнан тыс, мақсаты күмәнді бөтен ағымдардың қатарын толықтыруда. Оның соңы өздері байқамай сыртқы ықпалды күштердің геосаяси ойынының құрбанына айналумен аяқталып жатады.

Қазіргі таңда азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстардағы діни сананың жаңғыруы мен бүгінгі либералды-демократиялық қоғамның дамуына деген қызығушылық нәтижесінде толерантты дүниетанымның қалыптастыру маңыздылығы артып отыр. Қазіргі қазақстандық азаматтық қоғам – мультимәдениеттілігімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстар барысында діннің тұрғындар арасындағы рөлінің өсуі байқалды. Бұл құбылыстар посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән жағдай деп айтуға болады. Дегенмен діни тәжірибе мен теорияның арасында әлі де көмескі тұстары көп. Себебі қазіргі кезеңде діни жүйенің дәстүрлі және дәстүрлі емес аясы туралы бұлыңғыр түсініктері қалыптасқан.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарға мән берсек жат көптеген діни ағымдар кеңінен таралғанын айта кетуіміз керек. Сондықтан осы уағыздаушылар жат діни сананы ендірумен айналысуда. Қазіргі таңдағы діни үдерістерге кері ықпал етуге тырысады. Көп жағдайда мұндай діни әрекеттердің соңы қазақстандық қоғамға тән емес төзімсіздік пен фанатизм ендіруде. Сол себепті мұндай жат идеологияға ата-бабамыз сан ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлі діннен ажырап, сондай-ақ осы діннің өкілі ретінде Қазақстан территориясынан шыққан діни ойшылдардың мұрасынан айрылуға алып келеді.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы қарым-қатынастардың өзегі ретінде «дәстүрлі» діннің алар орны ерекше. «Дәстүрлі» діндер қатарында ханафи мазхабы, дәстүрлі исламмен қатар буддизм, несториандық христиандық және тағы да басқа түрлі рухани ілімдерді атауға болады. Сол себепті осы күнге дейін осылар арасында дінаралық шиеленіс орын алып көрген емес. Мұның басты себебі алдымен қазақ халқының толеранттылығымен байланысты.

Азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды құрап отырған дін иелері туралы

нақты қорытынды жасау үшін статистикалық мәлімет керек. Мысалы Қазақстан Республикасындағы 2009 жылы өткізілген халық санағы мәліметтеріне сай елімізде дінге сенушілердің саны 98% деп есептеледі. Олардың шамамен 70% – мұсылмандар болып табылады. Ал шамамен 23% – православтар болса, шамамен 5% – басқа да діннің өкілдері болып табылады. Осы келтірілген мәліметтердің ішінде тағы бір назар аударалық мәселе бар. Мысалы дінді ұстанатын тұрғындардың саны 40-50%-дан аспайды екен. Өйткені олар өздерін дінге сенушімін деп көрсеткенімен, нақты іс жүзінде олай емес. Олар нақты діннің ұстанымдары мен заңдылықтарын, рәсімдерін орындай бермейтіні анықталып отыр. Адамның діни сенімінің қаншалықты дәрежесін де өлшейтін белгілі бір өлшем жоқ. Дін жүктейтін жауапкершіліктер мен талаптар, парыз және сүннет амалдарын, ғибадаттарын толық орындайтындар санының көрсеткіші де мейлінше аз екенін ескеру қажет.

Ол турасында дінтанушы А.Г. Косиченко: «Қазақстандағы діни ахуалды сипаттайтын маңызды тұстардың бірі. Дінге сенушілердің «саны» мен «сапасы» жөніндегі нақты мәліметтердің болмауы мемлекеттің мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында тиімді саясат жүргізуін қиындата түседі» деген болатын [6, 54 б.]. Бұл азаматтық қоғам мен дін арақатынасын зерттей отырып, оны реттеу ісі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп қорытынды жасауымызға себеп болады. Өйткені ол қоғамдық көкейтесті сұраныстан туындаған жайт.

Азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстар мен азаматтық қоғамды қалыптастырудағы діннің атқаратын қызметін анықтау үшін алдымен мән беретін бір жайт ол – діни таным мәселесі. Діни таным дегеніміз қазіргі діни жамағаттардың жіктелуімен қатар, топтасуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, дін құбылысының формалық, әлеуметтік, құқықтық негіздері және зайырлы қоғамдағы құндылықтар арасында үйлесімді тетігін табу болып табылады.

Бүгінгі жаһандану заманына сай еліміз саяси тәуелсіздігіне қол жеткізумен зайырлы мемлекет мәртебесін алуға бет бұрды. Қазіргі таңда әлемдегі ең үлгілі зайырлылық нұсқасын жасауға да сәтті талпыныстар жасалуда деп айта аламыз. Еліміздегі азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды реттеуші Қазақстан Республикасының алғашқы қабылдаған заңдарының бірі 1992 жылдың 15 қаңтарында болып еді.

«Дін ұстану бостандығы және діни бірлестіктер туралы» деп аталатын Заңы мейлінше демократияшыл болды деп есептейміз. Сондықтан бұл Заңның жұмсақтығын жат жерлік және теріс пиғылды діни ағымдар өз мүддесіне сай пайдаланды. Елімізде қалыптасқан дінаралық татулыққа осылайша сызат түсірді. Осылайша діни ахуалды шиеленістіруге тырысушылық байқалды. Соның салдарынан 2011 жылы Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылған болатын. Сөйтіп сол жылдың 18 қазанда Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңы қабылданған болатын. Аталған заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады және азаматтардың ар-ождан бостандығы, құқығын растайтындығын білдіре отырып, әркімнің діни нанымна қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретіндігін айта келе, мәдениеттің дамуы мен еліміздің рухани өмірінде ханафи бағытындағы ислам мен православтық христиандықтың тарихи ролін танытынын жеткізген. Сонымен қатар аталмыш заңда азаматтық қоғам құру жолында Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін өзге де діндерді құрметтейтінін жеткізе келе, конфессияаралық келісім мен діни тағаттылық пен азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын басты негіз етіп алатындығын жеткізеді.

Сөзсіз аталған Заңның қабылданып, жүзеге асуы Қазақстандағы діни кеңістіктің де өзгеруіне жағдай жасады. Мысалы діни ұйымдардың саны үштен бірге дейін қысқарса, конфессиялардың саны 46-дан 17-ге дейін азайды. Жаңа қабылданған Заң азаматтық қоғам мен дін арасындағы қатынастарды реттеуге, ішкі конфессиялық қызметті жүйелеуге қосымша мүмкіндіктер берген болатын.

Сөзсіз осындай реттеуші заңмен қатар, мемлекет тарапынан енгізілетін идеологиялық құрылымның жоқтығы салдарынан діни ағымдар мен наным-сенімдерге сұраныс жоғарылаған болатын. Осы тұста дін идеологиялық дағдарыстың орнын толтырушы қызметін атқарды. Ал «дәстүрлі» діни ұйымдардың әлсіздігі салдарынан рухани институттар күшейіп келе жатқан халықтың рухани және діни талаптарын қанағаттандыра алмады. Оған алдын алу шарасы ретіндегі діни білім беру стратегиясы жасалмады, сонымен қатар діни ағарту жұмыстары да жүргізілмеді. Сөзсіз мұндай үрдіс рухани дәстүр мен тіл, салт-дәстүр сияқты ұлттық мәдениет құндылықтарына да қауіп төн-

дірген болатын. Осылайша исламдық дискурсты және оның Қазақстан қоғамындағы діни сананы қалыптастырудың мәнін объективті ашып зерттеу мен ортағасырлық Қазақстандағы тәңіршілдік кеңістігінде ханафи мазхабын қабылдаудың рөлі және маңызды тарихи факторларын ашып көрсетудің қажеттілігі шынайы туындаған болатын. Азаматтық қоғам мен зайырлы мемлекеттің дінмен сұхбаттық стратегиясын құру мақсатында қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени, құқықтық және діни саясатының дұрыс бағдармен жүргізілуі өзекті әрі маңызды болып саналады. Бұл сәтте ханафи мазхабына ерекше мән берілуде. Өйткені ханафиттік мазхаб өзге мазхабтармен салыстырғанда, ислам дәстүрі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен үйлесе алады. Мысалы белгілі бір аймаққа тән жергілікті халық дәстүрін үйлестіре отырып, заманауи өзекті мәселелерді де назарынан тыс қалдырмауға тырысады. Сонымен қатар заманауи дискурста түсе алатын сұхбаттық исламдық доктрина екендігін де ескерді.

Әрине ханафи мазхабы туралы кеңінен қозғауға болады. Бұл мазхабқа деген сұраныс исламистер, яғни түрлі радикалдық топтардың өкілдері қатысып, олардың әрекетінен кейін орын алған бірқатар жарылыстардан кейін өзекті бола түсті. Өйткені ханафи мазхабының идеологиясы біртекті толерантты исламдық бағыттың дамуына оң әсер етеді.

Мұндай сұхбаттық консенсус пен «конструктивті қатысу» және мәдени плюралистерді жақтаушылармен қатар, ғасырлар бойына келе жатқан ханафи мазхабы таралған елдердегі діни ахуалды өзгертуге тырысқан радикалды исламдық топтардың өкілдері қызығып отыр. Сол себепті де болар деструктивті ислами дискурс тарапынан ханафи мазхабының идеологиясын жоюды қарқынды түрде жалғастырып келеді. Өйткені ханафи мазхабы таралған ұлан-ғайыр территорияларда исламға бет бұрғызу, дұрыс жолдағы дінге оралу идеясын бүркеніп, жалпы әлемдік исламдық идеологиясымен қатар, жаңа тәртіпті орнату «дәстүрлі емес» исламдық топтардың мақсаты болып отыр.

Мұндай қауіпті үдеріс исламдық идеологияны төменнен жоғарыға емес, жоғарыдан төмен жүргізіліп келеді. Демек азаматтық қоғамның орнауына кері әсер етіп отырған топтардың артында үлкен күштер жасырынып отырғаны белгілі болып отыр. Себебі жекелеген мемлекеттік саяси құрылымдардың өзіне де радикалды-исламдық идеология еніп кеткендігі болып отыр. Өкінішке орай мұндай әлем-

дік үдеріске айналып отыр. Сондықтан ханафи мазхабына деген сұраныс, оның құндылықтарын сақтау өзімізге тін дәстүр мен дінімізді сақтап қалудың негізгі жолы болып табылып отыр.

Жалпы Қазақстандағы азаматтық қоғамның орнауына тікелей әсер етуі тиіс ислам дініндегі мазхабтар исламдық ғылымның қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Өйткені теориялық ойлауды, сенім мен ақыл мәселесін еркін талқылап, адамның әрекеттерін исламдық құқық тұрғысынан пайымдауды дамытады. Ал қазақстандық азаматтық қоғамды орнатуда ерекше мән берілген ханафи мазхабы өзге мазхабтарға қарағанда, әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзінің ақыл мен ойға жүгінетін көзқарасымен, өзге діни сенім мен мәдениеттерге толерантты қарайтындығымен ерекшеленеді. Тәжірибе көрсеткендей ортағасырлық исламдық қоғамдағы өмір сүру салтының ханафилік үлгісі білім, ғылым мен тәрбиеге негізделді. Өнегелі істерге негізделген исламдық құқықтық база мұсылман үмбетінің адамгершілік және құқықтық заңдылықтары үшін әзірленген. Осы бағытта ханафи мазхабы заңға сәйкестілікті, жауапкершілікті және категориялық адамгершілік пен исламдық императивтерді дамытуға ден қойды.

Азаматтық қоғам орнатуға тырысқан зайырлы Қазақстанның ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, мәдени тұтастықты қалыптастыруға ұмтылуы, шынайы еркіндікке қол жеткізуге тырысушылығы және ең бастысы «Мәңгілік ел» құруға ұмтылуы бүгінгі жаһандану жағдайында дамып отыр. Жаһандық бәсекелестік тек саяси, әлеуметтік-экономикалық саламен қатар, рухани тәуелсіздік тұрғысынан да аса маңызды. Осы себепті де дін негіздерін терең теориялық зерттеу мен әлемдік діндердің рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе. Өйткені осы зерттеулер арқылы қазақстандық азаматтық қоғам мен дін арасындағы қарым-қатынастардың бағыты мен бағдарын дәл анықтауға болады. Мемлекетіміздегі діни жағдай үшін тарихи ретроспектива мен тарихтың тағылымы мен тәжірибесі аса маңызды. Еліміздің тарихи және рухани сондай-ақ мәдени дамуындағы діннің рөлін дәстүр мен қазіргі заман арақатынасында қайта бағалауы тиіс. Бұл осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының еншісіндегі мәселе. Өйткені азаматтық қоғам мүшелерінің қазақы болмыс пен діни үлгісін реконструкциялау арқылы ислам дінін тек сөз жүзінде емес, рухымен қабылдаған қазақы діни сананың дискурсивті үлгілері мен құндылықтарды бойына сіңіріп, күнделікті өмірінің

өзегіне айналдыра алуы – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Әсіресе ғылыми-зерттеу жұмыстары рухани дәстүр мен «дәстүрлі» діндердегі негізгі парадигмалық контекстерін белгілеу, «дәстүрлі» діндердегі толеранттылық пен сұхбаттасудың жолын әлі де болса ғылыми тұрғыдан тұжырымдау аса қажет. Жатжерлік діни идеологияның қазақстандық азаматтық қоғаммен бірегейлігіне теріс әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеудің қажеттілігі сезілуде.

«Тілі мен діні сақталмаған ұлт өз болмысын сақтай алмайды. Болмысынан айрылған ұлттың дүнияуи құндылықтарын қорғауға да қабілеті қалмайды. Ұлттық құндылықтар мен дін қағидалары бір-бірінен бөлек қарастырылса, тарих сахнасынан алдымен тұтастай буын, соңынан біртұтас ұлт жоғалады» [7, 8 б.]. Ал біздің пікірімізше ұлттың жойылуына алғышарттар жасалса – азаматтық қоғамның қалыптасуындағы олқылықтар туды деген мәселенің ұшы.

Біздің еліміздің ұлттық құндылықтары дәстүрлі діни құндылықтарымен біте қайнасып кеткен. Кеңес билігі жылдарында жетпіс жыл ұрпақтар арасындағы бұл сабақтастық үзілгенімен, рухани ізденістегі жастар өз мұқтаждықтарын басқа жақтан іздеуге мәжбүр болуда. Бұл сөзсіз азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің теріс әсерін білдіруде.

Діннің қазіргі әлем мен қоғамда алар орны және қызметі туралы біржақты баға беріп, оның азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамуына қосар үлесін дәл анықтау мүмкін емес немесе өте қиын мәселе болып табылады. Өйткені діннің қоғамдағы орны мен оның қоғам дамуына әсерін дәл анықтап айту өте қиын мәселе. Мысалы мұндай тәжірибе ғасырлар бойына адамгершілік пен ізгіліктің көзі болып келген исламның ХХІ ғасырда лаңкестік пен қорқыныштың бастамасы сияқты осындай күй кешетіндігін дәл болжау қиын еді. Міне сондықтан дінге қатысты да біржақты пікір білдіру ісі оңай емес. Дегенмен бір анық болғаны дін қоғамда ерекше қызмет атқарады. Оның басты себептері ретінде соңғы жылдары адамзат баласының дінге бет бұрып, діндар бола бастауымен байланыстыруға да болатын шығар. Өйткені зерттеушілердің пікірінше, жер шарының 2/3 өзін дінге немқұрайлы қарамайтындықтарын білдірген екен. Олардың қатарында дінді басқару үшін ойлап табылған құрал ретінде де бағалайтындар да кездеседі.

Діннің қазіргі қоғамдағы алар орнына қатысты бірқатар сыртқы факторлар әсер етіп отырады. Соның бірі – саясат. Қазіргі әлемдік саясат пен

діннің даму үрдісіне мән берсек, саяси жымысқы ойындар нәтижесінде әлемдік діндер өздерінің негізінен айрылып, қазіргі заманда жаңа келбетке де ие бола бастағанын байқауға болады. Әрине ХХІ ғасыр – технократтар заманы болып табылатыны анық. Нарықтық экономикамен ұштасып келген технологиялардың өсуі және заман талаптарының да күшейе түсуі діннің қоғамдағы атқаратын қызметін азайта алған жоқ. Мұны осы саланың танымал зерттеушілері Юрген Хабермас сынды ғалымдары да мойындаған. Ол дінді мәні жоғалып бара жатқан әлемнің баламалы қоры деп санаған [8, 33 б.]. Тіпті дін мен руханилық әлемдегі ақыл мен санаға негізделген рационалды түсініктердің артуына қарамастан үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұл дегеніміз қазіргі замандағы әсіресе ғылым мен техника саласындағы ғалымдардың жетістігі дінді қоғамның аса бір маңызды бөлшегі болып қалудан ажырата алмады.

Қазақстан Республикасының егемендік алуы – азаматтық қоғамды қалыптастыру үдерісін басталуына түрткі болды. Дәл осы түрткі өз кезегінде діннің де қайта сұранысқа ие болуына жалғасқан болатын. Әрине бұл істе барлығы сәтті болды деп айту да асығыстық болар. Өйткені тәуелсіз Қазақстан Республикасы жаңа әрі бұрын-соңды кездеспеген қиындықпен бетпе-бет келді. Мемлекет ішіндегі ахуал көп конфессиялық бірлікті құрады. Оның құрамы дәстүрлі ислам және христиан дінімен қатар оның тармақтарынан да тұрды. Бұл өз кезегінде жаңа қазақстандық қоғамның ішіне «дәстүрлі емес» дін өкілдерінің де қызметін тоғыстырды. Демек Қазақстандық көп конфессиялық қоғам ұзаққа созылған үдеріс барысында емес, соңғы жиырма бес жылдағы жаңа саяси-әлеуметтік өзгеріс барысында қалыптасты.

Азаматтық қоғам құрушы кез келген демократиялық мемлекет азаматтарының діни сенімін таңдауына еркіндік беруі тиіс. Сонымен қатар мұндай мемлекет өз азаматтарына кері әсер ететін діни ұйымдардың да қызметіне толық бақылау орнатып, болдырмауы тиіс. Бұл азаматтық қоғамды қалыптастырудағы маңызды екі қадам деп айта аламыз. Өйткені конфессиялар арасындағы түсіністік, мемлекет азаматтарының дін еркіндігін, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың маңызды жолы болып табылады [9]. Азаматтық қоғамды қалыптастыру барысындағы «дәстүрлі емес» діндердің кері әсерін тарих ғылымдарының докторы К.Н. Бұрханов былай деп түсіндірген болатын:

«кез-келген радикалды, ұлтшылдық идеялары қоғам үшін және ұлтаралық қарым-қатынастар үшін аса қауіпті» дей келе, діннің саясилануы өте қауіпті жайт екендігіне баса назар аударған болатын [10].

Азаматтық қоғам орнатуға бағыт алған мемлекеттер адам құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін діни ұйымдардың қызметіне жол бермеуі тиіс. Азаматтық қоғамның маңызды бөлігі мен құрылым болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Гражданское общество и религия (Концепция Семена Франка) //Христианская мысль: политическая теология. – Т. IX. – СПб., 2006. – 224 с.
- 2 Ленин В.И. Об отношении рабочей партии к религии // Полн. собр. соч. – Т. 17. – М., 1974. – 416 с.
- 3 Шевченко М.Л. Способны ли мусульмане принимать участие в построении гражданского общества или являются его непримиримыми противниками? // Электрондық ресурс: http://niiss.ru/s_docladi6.shtml
- 4 Двадцать лет религиозной свободы в России / под ред. А. Малашенко и С. Филатова. – М., 2009. – С. 241.
- 5 Хеба Рауф Иззат. Ислам и демократия. Совместимы ли они друг с другом? // Ислам и право в России: Проблемы реализации законодательства о свободе совести и религиозных объединениях в отношении российских мусульман (Северный кавказ, Поволжье). Материалы международного семинара. – М., 2004. – 147 с.
- 6 Бурова Е.Е., Косиченко А.Г. Қазақстан Республикасында діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 135 б.
- 7 Әбдірәсілқызы Айнұр. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 296 б.
- 8 Мали С. Роль религии в постсекулярном обществе. О философии религии Ю. Хабермаса // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 11. Социология. – 2006. – №3. – С. 33.
- 9 Дабжанова Ж. Проблема трансформации казахстанской модели межконфессионального диалога // Взаимодействие религий в Республике Казахстан: материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Алматы, 2006. – С. 67-76.
- 10 Бурханов К. Главное – слушать и услышать друг друга // Литер неделя. – 2010. – 11 февраля.

References

- 1 Grahdanskoeobshestvo I religiya (KonceptiyaSemenaFranka) //Hristianskayamysl': politicheskayateologiya. Tom IX. – SPb., 2006. – 224 s.
- 2 Lenin V.I. Ob otnoshenii rabochey partii k religii// Poln.sobr.soch. T. 17. – M., 1974. – 416 s.
- 3 Shevchenko M.L. Sposobny li musul'mane prinimat' uchastiye v postroenii grazhdanskogo obshestva ili yavlyayutsya ego neprimirimymi protivnikami? // Electrondyk resurs: http://niiss.ru/s_docladi6.shtml
- 4 Dvadcat' let religioznisvobody v Rossii / pod red. A. Malashenko I S. Filatova. M. 2009. – S. 241.
- 5 HebaRaufYzzat. Islam I demokratiya. Sovmestimy li oni drug s drugom? // Islam I pravo v Rossii: Problemyrealizaciizakonodatel'stvo o svobodesovesti I religioznyhob'edineniyah v otnoshenirossiiskihmusul'man (Severnyikavkaz, Povolzh'e). Materialy mezhdunarodnogoseminara. – M., 2004. – 147 s.
- 6 Burova E.E., Kosichenko A.G. Kazakstan Respublikasynda diny ahualdy damytudyn ozekti maseleleri. – Almaty: KR BGM GK FSDI, 2013. – 135 б.
- 7 Abdirasilkyzy Ainur. Din. Daur. Dastur: Zertteuler, maqalalar, subbattar. – Almaty: Baspalar uyi, 2014.– 296 б.
- 8 Mali S. Rol' religii v postsekulyarnomobshestve. O filosofiireligiuiU.Habermasa // Social'nye I gumanitarnyenauki. Otechestvennayazarubezhnaya literatura. Seriya 11. Sociologiya. – 2006. – №3. – С. 33.
- 9 Dabjanova Z. Problema transformacii kazakhstanskoi modeli mezkhkconfessional'nogo dialoga // Vzaimodeistvie religii v Respublike Kazakhstan: materialy respublikanskoi nauchno-teoreticheskoi konferencii. – Almaty, 2006. – С. 67-76.
- 10 Burhanov K. Glavnoe – slushat' I uslyshat' drug druga // Liter nedelya. – 2010. – 11 fevralya.